ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

14 қыркүйек 2023 жыл № 1112-23-00-2/2151 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мансұр»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Мансұр» жеке кәсіпкер, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мансұр» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерынаң «Мансұр» мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Документ подписан: Исенова К. Е., 14.09.2023

Дата вступления в законную силу: 23.10.2023, судья Исенова К. Е., 23.10.2023

1112-23-3-1/2500